

**"Электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдықтарын, сондай-ақ тұтынушылардың электр және жылу пайдаланушы қондырғыларын пайдалануды жүзеге асыратын объектілерге арналған тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 76 және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 ақпандағы № 37 бірлескен бұйрығының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 828 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 717 бірлескен бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдықтарын, сондай-ақ тұтынушылардың электр және жылу пайдаланушы қондырғыларын пайдалануды жүзеге асыратын объектілер үшін тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 76 және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 ақпандағы № 37 бірлескен бұйрығының (ҚР нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6069 болып тіркелген, 2010 жылғы 17 наурыздағы № 39 (1661) «Заң газеті» газетінде жарияланған) күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті:

1) осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін қол қойылған күнінен бастап бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі*

\_\_\_\_\_ *Е. Досаев*

*Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі*

\_\_\_\_\_ *В. Школьник*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК